

**С.Оразалин атындағы ЖОББ мектебінің 5 «А» сыныбының
2023-2024 оқу жылында жүргізілген
жұмыстарға талдама.**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Ұлттық құндылықтар «Ұлттық мүдде, Ар ұят, Талап» үш бағыт бойынша жұмыс жасалынып, 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспары бекітілді. 5 «А» сыныбында 15 оқушы, оның ішінде қызы 7, ұлы 8 оқушы. 1 қыркүйек – білім күніне орай «Мектебім – мейірім мекенім» тақырыбында сабақ өтті. Оқушыларға білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және отаншылдыққа баулу. «Еріктілер ұйымын құру» оқушыларды сынып ішінде секторларға бөлу. «Мектеп - мейірбандық мекені» оқушыларға мектеп мейірім мекені екендігін, білім нәрін алатын орын екендігін түсіндіру. «Отбасы бақыт мекені» отбасы құндылықтары туралы мағлұмат бере отырып, өз отбастарын фото коллаж арқылы таныстыру. «Бір отбасы- бір кітап» мектеп кітапханасымен танысып, қызықты кітаптар алып, кітапханашы апайларымен сұхбаттасып қайтты. «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» ұстаздарды құрметтеп сыйлау керек екендігін түсіндірілді. Сонымен қатар оқушылар ұстаздарға деген құрметтерін өз өнерлерімен, ұлы ақындарымыздың ұстаздарға арнауларын жеткізді. «Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтары туралы мағлұмат бере отырып отбасылық дәстүрлерді атап өтті. Оқушыларға тәрбие бесіктен бастау алатынын, яғни қазақ халқының салт-дәстүрлерімен әдеп-ғұрыпының тәрбиелік мәнін ұғындыру, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Мектеп кітапханасынан «Оян, ар мен адалдық» атты кітап алып оқушылар өз білімдерін кеңейте түсірді. Түсінгендерін мектеп кітапханашысы Сәттарбергенова Аппак апайлары мен бөлісті. «Ұлы дала перзентімін» Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, елжандылыққа, ұлтын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу. «Жемқорлыққа жол жоқ» Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

«Ұстаз ұлы есім»



«Қарттарым асыл казынам»



«Отбасы бақыт мекені»



«Жол реттеушісінің белгілері» Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. «Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтанышы». Мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін нығайту, толықтыру, оқушылардың ой-өрісін дамыту, өз пікірлерін жеткізе білуге дағдыландыру; оқушыларды отансүйгіштікке, мемлекеттік рәміздерді қастерлеуге тәрбиелеу. «Отаншылдық және оның мәні» Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, елжандылыққа, ұлтын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу. «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы, оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағлұмат беру. халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы, оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағлұмат беру. «Мейірімділік құндылығы» оқушыларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, әдептілікке, еңбексүйгіштікке, өз халқының салт-дәстүрін үйрене отырып, жаман әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыр

«Қарттарым асыл қазынам» «Мейірімділік құндылығы» «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар»



«Бала құқығы – асыл қазына» Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы білімдерін шыңдау, құқық бұзушылықтан аулақ болуға шақыру. Оқушылардың өз құқығын білу, құқықтық мәдениетін жетілдіру. «Ұлттық валюта нарық талабы» Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру. ақшаның пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру. «Таза болса табиғат аман болар азамат» оқушылардың «табиғат», «денсаулық» құндылықтары және «табиғатқа қамқорлық» адами қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Денсаулығын күту іскерліктерін дамыту. «Салауатты ұрпақ нұрлы болашақ» Оқушыларымыздың салауатты өмір салты жайлы білімдерін тереңдету, адам денсаулығының қымбаттылығын, жат қылықтардан сақтай отырып, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екендігін түсіндіру. денсаулық туралы түсінік беру. Денсаулықтың негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада жүру екенін балаларға ұғындыру. Оқушылар мектепішілік «Алтын күз - 2024»

байқауына катысып жүлделі ІІІ орынға ие болды. «Баланың басты ұстазы ата-ана» тақырыбында ата-аналарына жиналыс жасалынды. Жиналыс барысында оқушылардың білім сапасы тоқсан қорытындысы таныстырылып, «Бала тәрбиесі – басты міндет» тақырыбында баяндама оқылып, ағымдағы мәселелер талқыланды.

Ата-аналар жиналысы



«Алтын күз-2024»



«Жемқорлыққа жол жоқ»



«Құстар біздің досымыз»



«Ғарышкерлер күні»



Дұрыс тамақтану ережесімен танысады. Тамақтану пирамидаларын құра алады. Пайдалы және зиянды тағамдар туралы біледі. «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» аналар мерекесімен құттықтау. Анаға деген махаббатырын ән,би, көрініс арқылы жеткізді. «Нұр себеле ұлыстың ұлы күні» Оқушыларға Ұлыстың ұлы күні туралы және дүниежүзі халықтарының Наурыз мерекесін тойлауы туралы толық мағлұмат беру, халқымыздың салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын үйрете отырып, “Наурыз” қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету. Сонымен қатар оқушылар ұлттық киімдерін киім, ұлттық ойындар ойнады. 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні. Сыныптар арасында көрме ұйымдастырылды. 9 мамыр жеңіс күні отан қорғаушылар күнімен жеңіс күні аталып өтіп, жеңістің бізге оңайлықпен келмегендігі туралы түсіндіру сабақтары жүргізілді. Оқушылардың жазғы демалысты жақсы,тиімді өткізу туралы жобалар ұсынып, қауіпсіздікті сақтау жұмыстары түсіндірілді.

Сынып жетекшісі:

Жахина А.С.